

Түсінік хат

Мектепке дейінгі 5-6 жасқа дейінгі балаларды жан-жақты, толыққанды дамуына, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауына, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты мақсаттарын шешуге бағытталған және меңгерген білім,білік,дағдыларын жетілдіре түседі. Осы бағдарлама арқылы оқушылардың дүниетанымы кеңіп, дұрыс,байланыстырып сөйлеуге үйренеді. Кішкентай кезінен қазақ тіліне сусындап өскен балалар қайтсе де бұл тілдің қадір-қасиетін біліп өседі деп ойлаймын. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 5-6 жасқа дейінгі балалардың мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім берудің 5 саласы бойынша («Денсаулық», «Қатынас», Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта») жүзеге асып, талаптарына сай болуына көңіл бөлініп отыр. Адамның қолы- ол бір құрал іспеттес, қол, баланың дамуына әсерін тигізеді.

Тәжірибеге сүйенсек, бала мектеп табалдырығын аттағанда (6-7) жас 70-80 пайызы саусақ маторикаларының жеткілікті дамымағанын көреміз.

Саусақтарының әлсіздігі, нашар дамығаны, жазуларының нашарлығына, ұзақ уақыт жаза алмауларына әкеліп соғады.

Саусақ маторикаларының нашар дамуы көбінесе ауырушаң, кіші кезінен балабақшаға бармаған балаларда көп кездеседі. Сондықтан да біз «Шығармашылық» білім беру саласынан «Шебер қолдар» бағдарламасын кіргізуді ұйғардық. Бағдарлама аптасына 1 сағат, жалпы-33 сағат (жыл бойы) бөлінген.

Мақсаты:

Шығармашылықтың бала тәрбиесінде алатын маңызы өте зор.

Мүсіндеу арқылы баланың саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялы артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Міндеттері:

1. Мүсіндеуде техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру.
2. Шығармашылық іс-әрекет процесіне, көркем шығармалары мен қазақ халқының және өзге де халықтардың шығармашылығына эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Мазмұны:

Сазбалшықтың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру:сазбалшық жұмсақ, бөліп алуға, илеп мүсіндер жасауға болады.

Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен үзу, жұлу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету,

Кесекті алақан арасында және жазықтықта түзу және домалақтау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру.

Бөліктері бірнеше заттарды мүсіндеу, дұрыс орналастыру, қатынастарын сақтау, бір-бірімен біріктіру тәсілдерін көрсету.

Мүсіндеуді сазбалшықпен, ермексазбен, тұзды қамырмен пайдалануға болады. Соның ішіндегі тұзды қамырды пайдаланудың ерекшелігі басым түседі.

Тақырыптық жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
1	Күз сыйлығы	-Көркем материалдар және құралдар түрлерімен, қолмен/саусақпен және т.б. көмегімен қарапайым жұмыс техникасын қолдана отырып, заттардың текстурасын бейнелеу. -Негізгі геометриялық пішіндердің көмегімен қарапайым заттар мен олардың бөлшектерін, сондай – ақ біртұтас сюжеттік желісі бар сурет салу.	2	02.09-09.09
2	Добым, добым дөңгелек	-Үлкендігі әртүрлі біртектес заттардың, бөлшектердің суретін салып, оларды суретте симметриялы орналастыру. Бояумен сурет салу. -Затқа қарап және елестету арқылы, ермексаздың, сазбалшықтың және басқа да материалдардың бүтін бөліктерін соза отырып, таныс заттарды, түрлі пішіндегі, көлемдегі жеміс-жидектер, жануар, құстардың модельдерін қарапайым геометриялық пішіндер негізінде мүсіндеу	2	16.09-23.09
3	Жүзік	-Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию -Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған немесе қиялдағы контур бойынша сұлбарарды қию.	2	30.09-07.10
4	Алтын балық	Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию(жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу.) -Түстерді пайдалану және ажырату.	2	14-21.10
5	Торғай	Шаблон есте сақталған үлгі затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану. -Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау(тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар)қағаз қалдықтарын пайдалану.	2	28.10-11.11
6	Үйрек	-Дененің қарапайым пропорцияларын есепке ала отырып, қозғалыстағы адамның немесе жануардың қарапайым фигурасын мүсіндеу, фигураны тік немесе көлденең орналастыру, фигура бөліктерін өзара қосып, олардың бір біріне қосылған жерін арнайы кескіш көмегімен тегістеп, жымдастыру -Мүсіндеуге арналған материалдарды үнемді пайдалану	2	18.11-25.11
7	Үй жануары «Қозы»	-Кейіпкерлерге тән бөліктерді (мұрын, ауыз, көз, құлақ, аяқ, қанат) пропорцияны сақтай отырып, қарапайым әдістерді (жұмырлау, жаю, жалпайту, кескіш көмегімен ойып алу, т.б.) қолданып мүсіндеу, жұмыстың конструктивті және пластикалық техникаларын үйлестіріп, бөліктерді біріктіру -Өткір және кескіш құралдармен жұмыс барысында қауіпсіздік техникасын және еңбек гигиенасын сақтау	2	02.12-09.12
8	Шыршаға арналған ойыншықтар	-Пластикалық, конструктивті және мүсіндеу техникаларын қолданып, түрлі пішіндегі кескіштерді пайдалана отырып, Қазақстанның және әлемнің халық кәсіпшілігінегізінде ойыншықтар, ыдыс аяқ жасау -Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру	2	23.12-20.01

9	Мен, менің достарым жануарларым	-Үлкендігі әртүрлі біртектес заттардың, бөлшектердің суретін салып, оларды суретте симметриялы орналастыру. - Қылқаламды бір бағытта, солдан оңға, жоғарыдан төменге, қиғаш жүргізу арқылы суретті бояу.	2	27.01-03.02-
10	Аққала	-Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртекті заттардан образдар мен сюжеттік композициялар жасау (мысалы, ертегі, әңгіме, балаларға арналған халық індері, санамақ, мазақтамалар, аңыздар желісімен) -Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру	2	17.02-24.02
11	Ұшақ	-Бұйымды тұғырға орнату техникасын пайдалану, бір тұғырға бірнеше бұйымды орналастыру, ермексازдан ұшақ құрастыру. -Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру	2	03.03-10.03
12	Машина	-Орталықты,бұрыштарды,әшекейлеу үшін екіге бүктелген қағаздан қатпарлап бүктелген қағаздан қол ұстауды,шеңбер айнала ән айтқан адам бейнелерін,шілтер үлгілерін ,қар үшқындарын,гүлдер,т,б қию. -Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау(тығыздығы,түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар)	2	17.03-31.03
13	Анама арналған гүл	-Табиғи және қолдан жасалғандардан , екіге бүктелген,қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қию, -Орталықты,бұрыштарды,әшекейлеу үшін екіге бүктелген қағаздан қатпарлап бүктелген қағаздан қол ұстауды,шеңбер айнала ән айтқан адам бейнелерін,шілтер үлгілерін ,қар үшқындарын,гүлдер,т,б қиып алу.	2	07.04-14.04
14	Қуыршаққа арналған моншақтар	-Затқа қарап және елестету арқылы, ермексаздың, сазбалшықтың және басқа да, материалдардың бүтін бөліктерін соза отырып, таныс заттарды, түрлі пішіндегі, көлемдегі жеміс жидек, жануар, құстардың модельдерін қарапайым геометриялық пішіндер негізінде мүсіндеу -Өткір және кескіш құралдармен жұмыс барысында қауіпсіздік техникасын және еңбек гигиенасын сақтау	2	21.04-28.04
15	Түймедақ	-Қылқаламды бір бағытта, солдан оңға, жоғарыдан төменге, қиғаш жүргізу арқылы суретті бояу. - Түрлі сызықтар (түзу, қисық, зигзак, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салу.	2	05.05-12.05
16	Адам бейнесі	Суреттегі бейненің көңіл күйін беру үшін қағаз реңі мен түсі үйлесімділігін таңдау.	1	12.05
17	Гүлді алма ағашы.	Негізгі геометриялық пішіндердің көмегімен қарапайым заттар мен олардың бөлшектерін, сондай – ақ біртұтас сюжеттік желісі бар сурет салу.	1	19.05
18	Үлкен және кіші саңырауқұлақтар	Негізгі геометриялық пішіндердің көмегімен қарапайым заттар мен олардың бөлшектерін, сондай – ақ біртұтас сюжеттік желісі бар сурет салу.	1	19.05
	Барлығы :		33	

Пайдаланған әдебиеттер тізімі :

1. Ана тілі хрестоматиясы 1 сынып Атамұра, Алматыкітап.
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы №1,№2
3. Қ.Қ. Жамантаева «Сөйлесейік те жазайық, өз тілімізге үйренбей қалмайық»
4. Қазақ ертегілері
5. Мақал-мәтелдер кітабы
6. «Балдырған», «Айгөлек» журналдары
7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
8. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
9. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
10. Г.Д.Абдрахимова «Саусақ және тіл жаттығулары» «Арман-ПВ» баспасы,2013жыл
11. Тіл дамыту. Дидактикалық ойындар Алматы-кітап баспасы, 2008жыл
12. Е.Өтетілеуова «Балақай» өлеңдер жинағы Алматы-1986 жыл